

# Ленин жұлдызы

Шығуына  
25-ші жыл  
№ 42  
(6743)  
1944 жыл  
Сейсенбі  
29 февраль  
Бағасы  
20 тыйын

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, елбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

## КОЛХОЗШЫ МАЛШЫЛАРДЫҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТІ

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде тамаша табыстарға ие болды, сөйтіп еліміз бен майданға етті, майды, сүтті тағы басқа мал шаруашылығын өнімдерін еселеп мол беруде. Мәселен, Қызылту ауданындағы Папаның атындағы, Көкшетау ауданындағы «Қызыл жұлдыз», «Қаратал», «Бірлік», Ленин атындағы және басқа бессыра колхоздардың колхозшылары қоғамдық малды шығынсыз өсіріп, көсеміз Сталин жолдасқа берген сертті мұлтіксіз орындады.

Облысымыздың маңдай алды бірсыра колхоз, совхоздары мал қыстауды да ойдағыдай өткізуде. Бұл колхоз, совхоздарда мал жылы қоғаммен қамтамасыз етілді. Мал азығы жеткілікті мөлшерде әзірленді. Сонымен бірге қоғамдық малды бағуға маңдай алды колхозшылар белгіленді.

Алайда, бірсыра колхоз, совхоздар мал шаруашылығын өркендету сін ойсыраған олжылыққа ұшырап отыр. Мәселен, Полудень ауданының колхоздары мал басын өсіру маңдарын орындай алмады. Бұл ауданның колхоздарында мал қыстау жұмысы тіпті нашар өтіп жатыр. Аудан басшылары малдың құнарлы азықпен қамтамасыз болуын айтарлықтай күрес жүргізе білмеді. Көп колхоздарда мал азығы жеткіліксіз әзірленді. Соның салдарынан қазірде 17 колхозда мал азығы таусылуға жуық. Осының салдарынан бығым бұл ауданда 322 бас мал шығын болды. Аудан басшылары мал шаруашылығын өркендетуіне жете мән бермей, қоғамдық малдын орынсыз шығынға ұшырауына көріне-көзге жол беріп отыр.

К(Б)П аудандық комитетінің секетарі Гребенюк жолдас колхоздарының мал шаруашылығына нақтылы асаңдық жасай алмай дәрменсіздікке салынып отыр. Булаев, Соколов, Совет аудандарында да істің осындай.

Мал шаруашылығын өркендетуінде мұндай жағдайға төзуге болмайды. Бұл аудандардың басшыла-

ры мал қыстаудың жайын жақсарту үшін, сөйтіп бірде-бір малды шығынға ұшыратпау үшін шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

Малдың жаппай төлдейтін кезеңі де жақын қалды. Облысымыздың колхоз, совхоздары бұл жауапты кезеңге үлгілі әзірленуге тиіс. Әрбір фермада мал төлдейтін үйлер жабықталып, онда төлдер мен төлдейтін мал үшін сапалы азық дайындауы хажет. Төлдейтін малдардың астына тастауын және төлдің шығынға ұшырауын болдырмау үшін барлық шаралар қолданылуға тиіс.

Гурьев облысындағы Новобогат ауданының алдыңғы қатарлы колхозшы малшылары мал шаруашылығын өркендетудің бүкіл республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру жөнінде Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне жазған үндеуінде: «Біз Қазақстанның барлық мал өсіруші колхозшыларын, колхозшы әйелдерін бүкіл Қазақстандық социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі үндеуімізді кеңінен талқылап, бұл жарысқа белсене қатысуға, жана міндеттемелер қабылдап, оны орындау жолында қажырлы күрес жүргізуге шақырамыз.

Жан аямай стахановтық еңбек етіп, 1944 жылы мал шаруашылығын өркендету ісінде жана табыстарға жетейік.

Еліміз бен майданға етті, майды, сүтті, мал шаруашылығының басқа продуктыларын бұрынғыдан да көп берейік. Сөйтіп, жауды біржолата жеңетін күнді жақындата түсейік» деді.

Облысымыздың мал өсірушілері Новобогат ауданы колхозшыларының шақыруына жаппай үн қосып, бұл міндеттерді мұлтіксіз орындауға міндетті.

Мал шаруашылығын үздіксіз өркендетіп, оның продуктылығын арттырудағы бұл міндеттердің мұлтіксіз орындалуы үшін мал өсіруші қызметкерлер, барлық колхозшы шаруалар қажырлы еңбек істеуге тиіс. Отанымыздың мүддесі, жеңісіміздің мүддесі осыны талап етеді.

**ТАНК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИГІ Я. Н. ФЕДОРЕНКОҒА БРОНЕТАНК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ МАРШАЛЫ ӘСКЕРІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы**

Бронетанк әскерлерінің генерал-полковнигі ФЕДОРЕНКО Яков Николаевичке Бронетанк әскерлерінің Маршалы әскери атағы берілсін. ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.** Москва, Кремль. 1944 жылғы 21 февраль.

**ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИГІ М. П. ВОРОБЬЕВКЕ ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ МАРШАЛЫ ӘСКЕРІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы**

Инженерлік әскерлердің Генерал-полковнигі ВОРОБЬЕВ Михаил Петровичке Инженерлік әскерлердің Маршалы әскери атағы берілсін. ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.** Москва, Кремль. 1944 жылғы 21 февраль.

## СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

### 26 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

26 февральда ПСКОВ бағытында әскерлеріміз шабуылды өрістетіп отырып ПОРХОВ қаласы мен үлкен темір жол станциясын, Ленинград облысының НОВОСЕЛЬЕ аудан орталығы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты ұрыспен 100ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде КОЛЯДУХА, ИВАНОВШИНА, ЕЛЕНИЦЫ, КРАСНАЯ МАЛАХОВКА, ЯМКИНО, ГОУСЛИ, ПОДОКЛИНЬЕ, ПОЛЯНЫ, ЗАХАНЬЕ, ТИМОНОВО елді пункттерін алды.

ХОЛМ қаласының батыс және оңтүстік батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Калинин облысының ЛОУНЬЯ аудан орталығы мен үлкен темір жол станциясын, сол сыяқты ұрыспен 136ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде ЧИХАЧЕВО, МИЛОВО, БОЛЬШИЕ ЛУДЫ, УТЕХИНО, МОРОЗОВО, ПРОКОПИНО, СЕРГЕЕВСКАЯ, СМЕТАННО үлкен елді пункттерін және ПЛОТОВЕЦ, ЧИХАЧЕВО, АШЕВО, ЛОЗОВИЦЫ, СУШЕВО, ЗАГОСКИНО, ТИГОШИ, СТРИМОВИЧИ темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз ДНО-НОВОСОКОЛЬНИКИ темір-жолын дұшпанның толық тазартты.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізіп, оның барысында 60тан аса елді пункттерді, оның ішінде ВАСИЛЕВО, ПОДДУБЬЕ, ГРЫЖЕВО, СУВОРОВО, СУЩИНО, МАНУКОВА, УСТРУГИ, ЗАХОДЫ елді пункттері мен МАЕВО УСТРУГИ темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде — іздестіру болды. 25 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 36 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 39 самолеті атын түсірілді.

### 27 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

27 февральда ПСКОВ бағытында әскерлеріміз шабуылды өрістетуде болды, сөйтіп ұрыспен 60тан аса елді пункттерді, оның ішінде ЗАМГЛЬНИЧЬЕ, ВЕСЦЫ, ЧЕРЕМША, ЗАХОДЦЫ, ЦАПЕЛЬКА, ПОДЛОЖЬЕ, РИК, КАМЕНКА, ЗАТЕЛЫ, ШЕРЕНИЦЫ, ГОРКИ, ДУПРОВКА елді пункттері мен МАСЛОГОСТИЦА темір жол станциясын алды.

ХОЛМ қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Калинин облысының БЕЖАНИЦЫ аудан орталығын, сол сыяқты 100ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде КУЗНЕЦОВА, САМУИЛИХА, ЗАХОД, ГРИТЬКОВО, МУХРОВО, ДВОРЦЫ, ОЛЕНИНО, ЛУГ үлкен елді пункттерін алды.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын өрістетуде болды, мұның барысында 50ден аса елді пункттерді, оның ішінде КИТОВО, СЕНЮТИНО, БОЛЬШАЯ және МАЛАЯ ЛЕНИНА, ПРУЖИЦЫ, СЕНЬКОВО, НАУЛИНО, ПУСТОШКА елді пункттері мен ЗАБЕЛЬЕ, ПУСТОШКА темір жол станцияларын алды.

ЛУКИ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында СТИРЬ өзенінің батыс жағалауындағы қамалдарды алып тұрған әскерлерімізге қарсы немістер бұдан бірнеше күн бұрын шабуыл жасады. Алғашқы кезде дұшпан қорғау шебімізге аздап сыналап өтті, алайда әскерлеріміздің содан кейін қарсы атака жасауымен немістер шыққан шебіне қуылып тасалу былай тұрсын, сонымен қатар жау тағы да бірнеше елді пункттерден айрылды. Бұл ұрыстарда дұшпан адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

АПОСТОЛОВОНЫҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз Николаев облысының НОВО-ВОРОНЦОВКА аудан орталығы мен ОСОКОРЕВКА, ФИРСОВКА, ЗОЛОТАЯ БАНКА, ГАВРИЛОВКА, ПЕТРОВКА, КРЕШЕНКА, ВЛАДИМИРОВКА елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде — барлаушыларды іздестіру болды. 26 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 30 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 27 самолеті атын түсірілді.

### Авиациямыздың Хельсинки қаласының соғыс-өнеркәсіп объектілеріне еселеп шабуыл жасауы

27 февральға қараған түнде авиациямыздың ірі құрамалары Хельсинки қаласының соғыс-өнеркәсіп объектілеріне еселеп шабуыл жасады. Самолеттеріміз он сағат бойына Хельсинки қаласының темір жол торабын, соғыс складтарын, әскер қазармалары мен заводтарын бомбалады.

Бомбалау нәтижесінде ондаған жерде өрт шықты, ол лаулап, бүкіл қаланың өрт жалыны жауып кетті. Әсіресе темір жол торабының, порт складтарының артиллерия складтарының, кеме верфін және бензин қоймасының территориясында үлкен өрт шыққандығы байқалды. Бүкіл қаланы өрт түтіні басып кетті, түтін 3.000 метр биіктікке дейін көтерілді. Өртпен қоса күшті взрывтар болды. Қайтқан кезде летчиктеріміз өрттің жалынын 350-400 километр жерге дейін көріп барды.

Үш самолетіміз базаларына қайтпады.

Псков бағытында әскерлеріміз шабуылды ойдағыдай өрістетуде болды. Бір ауданда дұшпан тың күштерін алып келіп, совет әскерлерінің алға басуын тоқтатуды тырмысты. Жалғыз әскерлеріміз артиллерияның белсенділігімен көмектесуі арқылы немістердің қарсыласуын жеңіп, бірсыра елді пункттерді алды. Ұрыс қаласында жаудың 800дей солдат мен офицерінің өліктері қалды. Оқ атығын шептерде немістер қалдырған 2 артиллерия, 4 миномет батареясы, сол сыяқты көптеген снаряд пен мина қолға түсірілді. Совет танкистері өздерінің машиналарының табанымен немістердің атыс ұяларымен бірге 4 зенбірегін және 6 ауыр минометін қыйратты.

\*\*\*

Холм қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, 100ден аса елді пунктті алды. Немістер күн бұрын даярдаған қорғану шебі мен мина төселген жолдарға сүйеніп, Бежаницы елосында табан тіресе қорғалап. Совет бөлімдері дұшпанды жан-жағынан орап алып, әлде неше рет қолма-қол шайқасуға айналған қатты ұрыстан кейін Калинин облысының Бежаницы аудан орталығын алды. Жаудың бір позитив жаяу әскерлері жойылды. Дұшпанна 15 танк, 23 зенбірек, 45 автомашина, оқ-дәрі қойылған 7 склад және азық-түлік бар 6 склад қолға түсірілді. Немістердің едәуір солдаттары мен офицерлері қолға түсірілді.

\*\*\*

Новосокольники қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері 50ден аса елді пункттерді, оның ішінде Забелле және Пустошка темір жол станцияларын неміс-фашист басқыншылардан азат етті. Немістер Пуштушканы қорғану шебінің күшті бекінісі торабына айналдырды. Совет жауынгерлері тиглершілерді атыс бекіністерінен қуып шыға-отырып, түрлі бағыттан бір мезгілде соққы берумен неміс гарнизонын талқандады. Ұрыс қаласында жаудың көптеген өліктері қалды. Дұшпаннан ояжа және адамдар қолға түсірілді. Екінші бір ауданда автоматчиктеріміз күн тәулік бойына орман ішінде ұрыс жүргізді, мұның барысында немістердің 400 солдаты мен офицерін қырып салды.

\*\*\*

Апостоново қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанға атака жасады, сөйтіп оқоптар мен траншеялардың бірнеше шебінен өтіп, Николаев облысының Ново-Воронцовка аудан орталығына басып кірді. Ұрыс нәтижесінде бір батальоннан аса гитлершілер, жаудың 4 танкі мен өздігінен жүретін 3 зенбірегі жойылды. Бөлімдеріміз Ново-Воронцовканы менгеріп және табысқа жете отырып, тағы да бірнеше пункттерді алды. Дұшпан қарсы атака жасаумен жағдайды қалпына келтіруге әрекеттенді, бірақ мұнысы сәтсіз болды. Жаудың қарсы атақаларын тойтарып отырып, әскерлеріміз 2.000дай гитлершілерді жойды, немістердің 18 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегі өртеді, қыйратты.

Қызылтулы Балтика Флотының летчиктері дұшпанның аэродромдарына ойдағыдай шабуыл жасады. Тастаяған бомбалармен немістердің жер бетінде 16 самолеті жойылды, зияндалды. Мұның үстіне, аэродромдар үстінде болған әуе соғысында дұшпанның екі самолеті атын түсірілді.

Литва партизандарының «окупанттар жұртылы» деген отряды шағын темір жол станциясына шабуыл жасады. Совет патриоттары неміс күзетшілерін өлтіріп, складтарды, 3 паровоз бен бірнеше платформаны жойды. Адам Мицкевич атындағы партизан отряды тас жолда кетіп бара жатқан неміс колоннасына госқауылдан оқ жаудырды. 4 автомашина мен 18 гитлерші жойылды. 17 винтовка мен 6 алтыар қолға түсірілді.

Қызыл Армия Киевтен немістерді қуып шығарғаннан кейін, Гитлердің Украинадағы колхоқпары атышуаы бандит әрі жендет Эрих Кох асығыс түрде Шығыс Пруссияға қашып кетті. (Жалғасы 2-бетте).



# Ленин жұлдызы

Шығуына  
25-ші жыл  
№ 42  
(6743)  
1944 жыл  
Сейсенбі  
29 февраль  
Бағасы  
20 тыйын

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, елбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

## КОЛХОЗШЫ МАЛШЫЛАРДЫҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТІ

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде тамаша табыстарға ие болды, сөйтіп еліміз бен майданға етті, майды, сүтті тағы басқа мал шаруашылығын продукцияларын еселеп мол беруде. Мәселен, Қызылту ауданындағы Напайын атындағы, Көкшетау ауданындағы «Қызыл жұлдыз», «Қаратал», «Бірлік», Ленин атындағы және басқа бірсыпыра колхоздардың колхозшылары қоғамдық малды шығынсыз өсіріп, көсеміміз Сталин жолдасқа берген сертті мүлтіксіз орындады.

Облысымыздың маңдай алды бірсыпыра колхоз, совхоздары мал қыстауды да ойдағыдай өткізуде. Бұл колхоз, совхоздарда мал жылы қоғаммен қамтамасыз етілді. Мал азығы жеткілікті мөлшерде әзірленді. Сонымен бірге қоғамдық малды бағуға маңдай алды колхозшылар белгіленді.

Алайда, бірсыпыра колхоз, совхоздар мал шаруашылығын өркендету сін ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Мәселен, Полудень ауданының колхоздары мал басын өсіру маңдарын орындай алмады. Бұл ауданның колхоздарында мал қыстау жұмысы тіпті нашар өтіп жатыр. Аудан басшылары малдың құнарлы азықпен қамтамасыз болуын айтарлықтай күрес жүргізе білмеді. Көп колхоздарда мал азығы жеткіліксіз әзірленді. Соның салдарынан қазірде 17 колхозда мал азығы таусылуға жуық. Осының салдарынан бығым бұл ауданда 322 бас мал шығын болды. Аудан басшылары мал шаруашылығын өркендетуіне жете мән бермей, қоғамдық малдың орынсыз шығынға ұшырауына көріне-көзге жол беріп отыр.

К(Б)П аудандық комитетінің секетарі Гребенюк жолдас колхоздарының мал шаруашылығына нақтылы ақындық жасай алмай дәрменсіздікке салынып отыр. Булаев, Соколов, Совет аудандарында да істің қайы осындай.

Мал шаруашылығын өркендетуінде мұндай жағдайға төзуге болмайды. Бұл аудандардың басшыла-

ры мал қыстаудың жайын жақсарту үшін, сөйтіп бірде-бір малды шығынға ұшыратпау үшін шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

Малдың жаппай төлдейтін кезеңі де жақын қалды. Облысымыздың колхоз, совхоздары бұл жауапты кезеңге үлгілі әзірленуге тиіс. Әрбір фермада мал төлдейтін үйлер жабықталып, онда төлдер мен төлдейтін мал үшін сапалы азық дайындауы хажет. Төлдейтін малдардың астауын және төлдің шығынға ұшырауын болдырмау үшін барлық шаралар қолданылуға тиіс.

Гурьев облысындағы Новобогат ауданының алдыңғы қатарлы колхозшы малшылары мал шаруашылығын өркендетудің бүкіл республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру жөнінде Қазақстанның барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне жазған үндеуінде: «Біз Қазақстанның барлық мал өсіруші колхозшыларын, колхозшы әйелдерін бүкіл Қазақстандық социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі үндеуімізді кеңінен талқылап, бұл жарысқа белсене қатысуға, жана міндеттемелер қабылдап, оны орындау жолында қажырлы күрес жүргізуге шақырамыз.

Жан аямай стахановтық еңбек етіп, 1944 жылы мал шаруашылығын өркендету ісінде жана табыстарға жетейік.

Еліміз бен майданға етті, майды, сүтті, мал шаруашылығының басқа продуктыларын бұрынғыдан да көп берейік. Сөйтіп, жауды біржолата жеңетін күнді жақындата түсейік» деді.

Облысымыздың мал өсірушілері Новобогат ауданы колхозшыларының шақыруына жаппай үн қосып, бұл міндеттерді мүлтіксіз орындауға міндетті.

Мал шаруашылығын үздіксіз өркендетіп, оның продуктылығын арттырудағы бұл міндеттердің мүлтіксіз орындалуы үшін мал өсіруші қызметкерлер, барлық колхозшы шаруалар қажырлы еңбек істеуге тиіс. Отанымыздың мүддесі, жеңісіміздің мүддесі осыны талап етеді.

**ТАНК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИГІ Я. Н. ФЕДОРЕНКОҒА БРОНЕТАНК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ МАРШАЛЫ ӘСКЕРІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы**

Бронетанк әскерлерінің генерал-полковнигі ФЕДОРЕНКО Яков Николаевичке Бронетанк әскерлерінің Маршалы әскери атағы берілсін. ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.** ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.** Москва, Кремль. 1944 жылғы 21 февраль.

**ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИГІ М. П. ВОРОБЬЕВКЕ ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕРДІҢ МАРШАЛЫ ӘСКЕРІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы**

Инженерлік әскерлердің Генерал-полковнигі ВОРОБЬЕВ Михаил Петровичке Инженерлік әскерлердің Маршалы әскери атағы берілсін. ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.** ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.** Москва, Кремль. 1944 жылғы 21 февраль.

## СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 26 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

26 февральда ПСКОВ бағытында әскерлеріміз шабуылды өрістетіп отырып ПОРХОВ қаласы мен үлкен темір жол станциясын, Ленинград облысының НОВОСЕЛЬЕ аудан орталығы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты ұрыспен 100ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде КОЛЯДУХА, ИВАНОВ-ШИНА, ЕЛЕНИЦЫ, КРАСНАЯ МАЛАХОВКА, ЯМКИНО, ГУСЛИ, ПОДОКЛИНЬЕ, ПОЛЯНЫ, ЗАХАНЬЕ, ТИМОНОВО елді пункттерін алды.

ХОЛМ қаласының батыс және оңтүстік батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Калинин облысының ЖОЖНЯ аудан орталығы мен үлкен темір жол станциясын, сол сыяқты ұрыспен 136ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде ЧИХАЧЕВО, МИЛОВО, БОЛЬШИЕ ЛУДЫ, УТЕХИНО, МОРОЗОВО, ПРОКОПИНО, СЕРГЕЕВСКАЯ, СМЕТАННО үлкен елді пункттерін және ПЛОТОВЕЦ, ЧИХАЧЕВО, АШЕВО, ЛОЗОВИЦЫ, СУШЕВО, ЗАГОСКИНО, ТИГОШИ, СТРИМОВИЧИ темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз ДНО-НОВОСОКОЛЬНИКИ темір жолының дүшпанның толық тазартты.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізіп, оның барысында 60тан аса елді пункттерді, оның ішінде ВАСИЛЕВО, ПОДДУБЬЕ, ГРЫЖЕВО, СУВОРОВО, СУЩИНО, МАНУКОВА, УСТРУГИ, ЗАХОДЫ елді пункттері мен МАЕВО УСТРУГИ темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа учаскелерінде — іздестіру болды.

25 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 36 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дүшпанның 39 самолеті атын түсірілді.

## 27 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

27 февральда ПСКОВ бағытында әскерлеріміз шабуылды өрістетуде болды, сөйтіп ұрыспен 60тан аса елді пункттерді, оның ішінде ЗАМГЛЫНИЧЬЕ, ВЕСЦЫ, ЧЕРЕМША, ЗАХОДЦЫ, ЦАПЕЛЬКА, ПОДЛОЖЬЕ, РИК, КАМЕНКА, ЗАТЕЛЫ, ШЕРЕНИЦЫ, ГОРКИ, ДУБРОВКА елді пункттері мен МАСЛОГОСТИЦА темір жол станциясын алды.

ХОЛМ қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, Калинин облысының БЕЖАНИЦЫ аудан орталығын, сол сыяқты 100ден аса басқа елді пункттерді, оның ішінде КУЗНЕЦОВА, САМУИЛИХА, ЗАХОД, ГРИТЬКОВО, МУХРОВО, ДВОРЦЫ, ОЛЕНИНО, ЛУГ үлкен елді пункттерін алды.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІҢ солтүстік батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын өрістетуде болды, мұның барысында 50ден аса елді пункттерді, оның ішінде КИТОВО, СЕНЮТИНО, БОЛЬШАЯ және МАЛАЯ ЛЕНИНА, ПРУЖИЦЫ, СЕНЬКОВО, НАУЛИНО, ПУСТОШКА елді пункттері мен ЗАБЕЛЬЕ, ПУСТОШКА темір жол станцияларын алды.

ЛУКИ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында СТИРЬ өзенінің батыс жағалауындағы қамалдарды алып тұрған әскерлерімізге қарсы немістер бұдан бірнеше күн бұрын шабуыл жасады. Алғашқы кезде дүшпан қорғау шебімізге аздап сыналап өтті, алайда әскерлеріміздің содан кейін қарсы атака жасауымен немістер шыққан шебіне қуылып тасалу былай тұрсын, сонымен қатар жау тағы да бірнеше елді пункттерден айрылды. Бұл ұрыстарда дүшпан адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

АПОСТОЛОВОНЫҢ оңтүстік жағында әскерлеріміз Николаев облысының НОВО-ВОРОНИЦОВКА аудан орталығы мен ОСОКОРЕВКА, ФИРСОВКА, ЗОЛОТАЯ БАНКА, ГАВРИЛОВКА, ПЕТРОВКА, КРЕШЕНКА, ВЛАДИМИРОВКА елді пункттерін алды.

Майданның басқа учаскелерінде — барлаушыларды іздестіру болды.

26 февральда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 30 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дүшпанның 27 самолеті атын түсірілді.

## Авиациямыздың Хельсинки қаласының соғыс-өнеркәсіп объектілеріне еселеп шабуыл жасауы

27 февральға қараған түнде авиациямыздың ірі құрамалары Хельсинки қаласының соғыс-өнеркәсіп объектілеріне еселеп шабуыл жасады. Самолеттеріміз он сағат бойына Хельсинки қаласының темір жол торабын, соғыс складтарын, әскер қазармалары мен заводтарын бомбалады.

Бомбалау нәтижесінде ондаған жерде өрт шықты, ол лаулап, бүкіл қаланың өрт жалыны жауып кетті. Әсіресе темір жол торабының, порт складтарының артиллерия складтарының, кеме верфін және бензин қоймасының территориясында үлкен өрт шыққандығы байқалды. Бүкіл қаланы өрт түтіні басып кетті, түтін 3.000 метр биіктікке дейін көтерілді. Өртпен қоса күшті взрывтар болды. Қайтқан кезде летчиктеріміз өрттің жалынын 350-400 километр жерге дейін көріп барды.

Үш самолетіміз базаларына қайтпады.

Псков бағытында әскерлеріміз шабуылды ойдағыдай өрістетуде болды. Бір ауданда дүшпан тың күштерін алып келіп, совет әскерлерінің алға басуын тоқтатпай тұрмысты. Жалғыз әскерлеріміз артиллерияның белсенділігімен көмектесуі арқылы немістердің қарсыласуын жеңіп, бірсыпыра елді пункттерді алды. Ұрыс қаласында жаудың 800дей солдат мен офицерінің өліктері қалды, оқ атығын шеңберде немістер қалпынған 2 артиллерия, 4 миномет батареясы, сол сыяқты көптеген снаряд пен мина қолға түсірілді. Совет танкистері өздерінің машиналарының табанымен немістердің атыс ұяларымен бірге 4 зенбірегі және 6 ауыр минометін қыйратты.

Холм қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, 100ден аса елді пунктті алды. Немістер күн бұрын даярдаған қорғану шебі мен мина төселген жолдарға сүйеніп, Бежаницы селосында табан тіресе қорғалап. Совет бөлімдері дүшпанды жан-жағынан орап алып, әлде неше рет қолма-қол шайқасуға айналған қатты ұрыстан кейін Калинин облысының Бежаницы аудан орталығын алды. Жаудың бір полктей жау әскерлері жойылды. Дүшпанна 15 танк, 23 зенбірек, 45 автомашина, оқ-дәрі қойылған 7 склад және азық-түлік бар 6 склад қолға түсірілді. Немістердің едәуір солдаттары мен офицерлері қолға түсірілді.

Новосокольники қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері 50ден аса елді пункттерді, оның ішінде Забелле және Пустошка темір жол станцияларын неміс-фашист басқыншылардан азат етті. Немістер Пуштушканы қорғану шебінің күшті бекінісі торабына айналдырды. Совет жауынгерлері тилдершілерді атыс бекіністерінен қуып шығарып, түрлі бағытта бір мезгілде соққы берумен неміс гарнизонын талқандады. Ұрыс қаласында жаудың көптеген өліктері

қалды. Дүшпаннан ожа және адамдар қолға түсірілді. Екінші бір ауданда автоматчиктеріміз күн тәулік бойына орман ішінде ұрыс жүргізді, мұның барысында немістердің 400 солдаты мен офицерін қырып салды. \* \* \*

Апостоново қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз дүшпанға атака жасады, сөйтіп оқоптар мен траншеялардың бірнеше шебінен өтіп, Николаев облысының Ново-Воронцовка аудан орталығына басып кірді. Ұрыс нәтижесінде бір батальоннан аса гитлершілер, жаудың 4 танкі мен өздігінен жүретін 3 зенбірегі жойылды. Бөлімдеріміз Ново-Воронцовканы менгеріп және табысқа жете отырып, тағы да бірнеше пункттерді алды. Дүшпан қарсы атака жасаумен жағдайды қалпына келтіруге әрекеттенді, бірақ мұнысы сәтсіз болды. Жаудың қарсы атақаларын тойтарып отырып, әскерлеріміз 2.000дай гитлершілерді жойды, немістердің 18 танкі мен өздігінен жүретін зенбірегі өртеді, қыйратты.

Қызылтулы Балтика Флотының летчиктері дүшпанның аэродромдарына ойдағыдай шабуыл жасады. Тастаяған бомбалармен немістердің жер бетінде 16 самолеті жойылды, зияндалды. Мұның үстіне, аэродромдар үстінде болған әуе соғысында дүшпанның екі самолеті атын түсірілді.

Литва партизандарының «окупанттар жұртылы» деген отряды шағын темір жол станциясына шабуыл жасады. Совет патриоттары неміс күзетшілерін өлтіріп, складтарды, 3 паровоз бен бірнеше платформаны жойды. Адам Мицкевич атындағы партизан отряды тас жолда кетіп бара жатқан неміс колоннасына госқауылдан оқ жаудырды. 4 автомашина мен 18 гитлерші жойылды. 17 винтовка мен 6 алтыарқ қолға түсірілді.

Қызыл Армия Киевтен немістерді қуып шығарғаннан кейін, Гитлердің Украинадағы колхоқпары атышулы бандит әрі жеңдет Эрих Кох асығыс түрде Шығыс Пруссияға қашып кетті. (Жалғасы 2-бетте).



## СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

27 февральдағы ұрыстар мәліметі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кох Кенигсберге есін жыйып, совет-герман майданында жүрген. Шығыс-Пруссияда туған неміс солдаттарына арнап жаңа жылда хат жазды. Есуас жеңдет өзінің мекенін өзгерткендігін және Шығыс Пруссияға алдағы уақытта жасалатын әуе шабуылынан қорғануға қызу әзірленіп, ұралар, сақтанатын орындар және өрт сөндіру үшін су қймаларын жасап жатқандығын мәлімдеді. Бұдан әрі Кох жұмыстың басқа саласын да табыстарын баяндады. «Мен тәжірибеде «жаңа идеяларды» жүзеге асыра білдім. Мұнда мен мастер-кәсіпкерлерді ремонттау ісін ғана естеріне түсірмеймін. Киім-кешек пен аяқ киімді жамап-жасқау жөнінде «ескі заттарды жаңарту» деген ұранмен көп қамқорлық жасадым».

Қазір Эрих Кох осындай «идеялармен» шұғылданып отырған көрінеді. Осыған байланысты оның бір кезде басқа «идеялармен» шұғылданғандығын да айта кетейік. 1942 жылғы декабрьде жаңа жылға арнаған осындай сәлемінде Кох майдандағы солдаттарға былай деп жазған болатын: «Өзім басқарып отырған... Украинаның ұлан-сайтақ жерінде солдаттар үшін жер көп. Мұнда әрқайсымыз үшін өрн табылады. Сіздер бұл елдің өлшеусіз байлықтарын жақсы білесіздер... Сіздерді және сіздердің туған-туысқандарыңызды жабдықтау үшін Украинада түк қалдырмайтындығыма сенулеріңізге болады».

1944 жаңа жылға арнаған хатында ол Украинаның қазыналы жері және шексіз мол байлығы жайында ештеңе дей алмады. Эрих Кох қазір аз нәрсенің өзіне риза болып отыр. Енді ол «жаңа идеяларды» жүзеге асырып, ескі етіктер мен шабарларды жамап-жасқау жөнінде мастер-кәсіпкерлік ұйымдастырып отырған көрінеді.

Неміс-фашист басқыншылар Украинаның сансыз көп байлығын иемденуге ұміттенді. Бірақ—мұртынан аққан май аузына түспеді—дегеннің кері осы. Жүз мыңдаған немістер Украинадан екі-үш кез жер алды. Мұндай екі-үш кез жерді қалған неміс азғындар да алатын болады.

## Егіске әзірліксіз отыр

Приешім ауданындағы „Бексейт“ ауылшаруашылық артелінің басшылары көктемгі егіске дайындық жұмысын ойсыраған олқылыққа ұшыратып отыр. Олар көктемгі егіске үлгілі әзірлену—егіннен мол өнім алып, майданға еселеп мол көмек берудің негізі екенін мүлде ұмытқан.

Қолда бар 118 центнер тұқымның 16 центнері ғана тазартылды. Колхоз ауылшаруашылық құрал-саймандарын ремонттау жұмысына жуырда ғана кірісті.

Агротехниканы дұрыс қолдану—егіннен мол өнім алудың негізгі шарты. Бірақ, бұл колхозда жергілікті тыңайтқыш заттар жыйнауының қарқынды кешірісіз баяу. Мұнда 500 гектар алаңға қар тоқтату орнына 280 гектар алаңға ғана қар тоқтатылды, оның өзінде де жұмыс сапасыз болды. Жұмыс көлігі әлі күтімге қойылмаған. Олар осы уақытқа дейін жұмысқа пайдаланылып жүр. **Ғ. Әубәкіров.**

## КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Айыртау ауданындағы Каратал ауыл советінің камтуындағы колхоздардың колхозшылары көктемгі егіске деркезінде әрі толық әзірлену үшін күш жұмсауда. Мұнда егіске керекті барлық ауылшаруашылық құрал-саймандары түгел ремонтталып болды. 100 соқа, 250 тырма, едәуір қамыт, жарма сапалы ремонтталып, егіс жұмысына сақадай сай әзірленді. Барлық егіс тұқымы түгел тазартылып, оның шығымдылығы байқалды. Колхоздарда үгіт-көпшілік жұмыстары ойдағыдай жолға қойылды.

Агротехника ережелерін бұлжытпай орындау үшін бұл колхоздардың бәрінде де егіннен мол өнім алатын эвенолар ұйымдастырылды. **А. БЕЛГІБАЕВ.**

## ГИТЛЕР СТАВКАСЫНДАҒЫ МАСҚАРАПАЗДЫҒ

Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесі 3 февральда Звенигородка—Шполаның солтүстік маңында неміс әскерлерінің ірі тобы қоршауға алынғанын жариялады. Совет Информбюросы қоршалған неміс әскерлерін жоюдың барысын күнсайын хабарлап отырды.

Осы жылғы 18 февральда Қызыл Армияның Жоғарғы Бас қолбасшысының Корсунь-Шевченковский ауданында қоршалған немістер, 8-армиясының он дивизиясы мен бір бригадасын құрту жөніндегі ұрыс қыймылдарының 14 күндік қатты ұрыстан кейін аяқталғаны туралы бұйрығы жарияланды. Совет Информбюросы дәл сол күні жаудың әскерлерінің ірі тобын жою жөнінде әскерлеріміздің тамаша шеберлікпен жүргізген осы ұрыс қыймылдарының қорытындылары туралы нақтылы мәліметтерді жариялады.

Неміс командованиесі әскерлерінің қоршауда қалғанын айтпай жасырып, келді, тіпті бұл маңда ойдағыдай ұрыс болып жатыр деген бір нәрсені айтпай жүрді.

1943 жылдың басында совет әскерлері Сталинград түбінде неміс-фашист армиясының 300 мың әскерін жойып жібергеннен кейін, герман армиясының бас командованиесі совет-герман майданында өз армиясының қатты жеңілгенін ашық мойындаған болатын. Ол кезде гитлершіл билеуші топ совет әскерлері Сталинград түбінде қоршалп, жойып жіберген 300 мың адамдық армиясы туралы бүкіл Германияда үш күндік қаралы күн жариялаған. Бірақ, қазір заман өзгерді, сондықтан да гитлершілдер де басқа әнге басты.

Қазір гитлершіл билеуші топ неміс армиясы өткен жыл ішінде қатты жеңілгеннен кейінгі жерде біздің майданда неміс армиясының ауыр сәтсізлікке ұшырағанын ашық мойындауға батылы бармайтық болды. Қызыл Армия толық күйрейдің халге түсірген неміс-фашист соғыс машинасы мұндай жеңілісін мойындайтын болса, ол соғыстық-саясат жағынан мықтап мерт болады. Сондықтан да гитлер ставкасының Звенигородка-Шпола шебінің солтүстігінде 70 мыңнан аса неміс әскерлерін қоршауға түскенін, сол сыяқты әрепсе оны Қызыл Армияның жойып жібергенін герман армиясынан, неміс қалқынан, дүние жүзінің жұртшылық пікірінен не себепті жасырып отырғаны түсінікті.

Бірақ, немістер өз әскерлерінің қатты жеңілгенін айтпауға қанша тырысқанымен, ақырында мұны сөз қылуына тура келді. Өйткені немістің қоршалған он дивизиясын жою нәтижесінде немістің 55 мың солдаты мен офицері қырылды, 18.200 неміс қолға түсті, сол сыяқты қоршалған неміс әскерлерінің бүкіл техникасы мен барлық қаруы қолға түсті.

Неміс командованиесі әскерлерін қоршаудан құтқаруға оқанталасып, әрекеттенгені, бұл әрекеттен тұқшы ғара алмағанынан кейін гитлершілдердің, еңсесі түсіп, қатты абыржығаны жалпыға мәлім. Неміс командованиесі істеп отырған әрекетті күйреп ұтылған картапаз бен жүліктердің жанталасқанда істейтін әрекеті деп тану керек. Ал бұл әрекеттің мәні мынадай болып отыр: Корсунь-Шевченковский маңында қоршалған неміс-фашист әскерлері жойылғаннан кейінгі жердің, өзінде гитлер ставкасы немістің 70 мыңнан аса солдаты мен офицері еркін өмір сүруде, олар қоршаудан аман кұты-

лып шықты дегенді жариялады.

Әрине немістер жойылып кеткен он дивизиясы жөнінде парад өткізген де болар еді, бірақ өлген тірілмейдінің кебі келіп отыр.

Қоршалған неміс дивизияларын жою жөніндегі 14 күндік ұрыстарда Қызыл Армия құртып жіберген он он мыңдаған солдатты мен офицерінен айырылып, гитлершілдер өздерін өздері былай жұбатады: он неміс-фашист дивизиясы жойылғанымен, әскерлерін қаңғыртып тастап, самолетпен қашып кұтылған генералдарымыз бар дегенді медеу қылып отыр. Олар, ең алдымен, 112-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор Либ және СС «Викинг» танк дивизиясының командирі генерал-майор Гилле. Өз әскерлерін тастап, транспорт самолетпен қашып кұтылған неміс генералдары, неміс армиясының ставкасына барды. Осымен пайдаланып гитлершілдер жұртқа күлкі боларлық масқарапаздық істеді. Гитлер өз ставкасына бұл генералдарды қабылдап, сендердің «өз бастарың сіңірген үлкен еңбектерің үшін және басқарған әскерлеріңнің ерлік күрес жүргізгені үшін» деп оларға «жоғары наградтар» берген болды.

Жалпы жұрт қолданатын тәртіптен құрылған армияның қайсысында болса да өз әскерлерін тұйыққа қаммаған, ар-абройынсатып оларды қырып қалдырған бұл қашқын генералдар әлем алдында масқараланып сотталып, қатты жазаланған болатыны түсінікті. Бірақ, Гитлердің, оның әсәсігі генералдарының арнамыспен ісі жоқ.

Гитлер ставкасында істелген бұл алаяқтық масқарапаздық әрекетті не мақсатпен көзделгені өзінен өзі түсінікті. Гитлершілдер осы ақымақтық әрекеті арқылы неміс әскерлері үшін Қызыл Армияның «екінші Сталинград» жасағанын жасырмақ болды, Қызыл Армияның, неміс-фашист қаракшыларды бұрын-соңды болмаған қырыпқа ұшыратқанын жасырмақ болды, немістің он дивизиясын қырыпқа душар еткен Гитлердің қылмысын жасырмақ болды.

Масқарапаздық екінші көрінісінде де—немістің 11-армия корпусының командирі, қоршауда қалған әскер тобын басқарған немістердің қоршалған дивизияларын жою ұрыстарының тұсында өліп кеткен генерал-лейтенант Штеммерманды наградтауға да көзделген мақсат осы. Бұл топас генералдың сүйегі қоршалған неміс әскерлері жойылғаннан кейін бүкіл генералдық шен-шекпенімен ұрыс даласында жатқан жерінен табылды. Қазір Штеммерман үшін Гитлер берген орденнің өлікті былаудан басқаға керегі жоқ екені өзінен өзі түсінікті.

Осындай топастықпен Гитлер ставкасында істелген масқарапаздықтан бір нәрсе айқын көрінеді, ол мынау: Гитлер апат болған әскерлерін аман-сау деп отырса және ұрыс даласынан қашып масқара болған генералдарын наградтап отырса, мұның өзі совет-герман майданында неміс-фашист армиясы үшін қолайсыз заман туғанын көрсетеді. Сонымен қатар, есінен адасқан гитлершілдердің бұл істеп отырған алаяқтық және масқарапаздығы совет әскерлері Корсунь-Шевченковский ауданында жойып жіберген немістің 10 дивизиясының тағдыры туралы ешкімді адастыра алмайтыны да жұрттың бәрине айқын.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ.

## ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 23 февраль. (ТАСС). Ресми хабар бойынша, Американың 5-армиясының майданында Анцио ауданында бірсыпыра жерде қатты шайқасу болды. Басқа учаскелерде сақшылар қыймыл жасады.

Авиация Югославия жағалауында және Ливорноның оңтүстік жағында душпанның соғыс объектілеріне шабуыл жасауда болды. Кеше әуе ұрыстарында душпанның 36 самоләті ағып түсірілді.

## АМЕРИКА БОМБАРДИРОВЩИКТЕРІНІҢ ГЕРМАНИЯҒА ШАБУЙЛЫ

ЛОНДОН, 23 февраль. (ТАСС). Америка командованиесінің Европадағы соғыс қыймылдары майданындағы штабы, Американың ауыр бомбардировщиктері құрамаларының 22 февральда Англия және Италия аэродромдарынан ұшып шығып, душпан территориясына алғаш рет еселеп әуеден шабуыл жасағандығын хабар етті. Бернберттегі самолет жа сайтын «Юнкерс-88» заводына ойдағыдай шабуыл жасалды. Мұнымен қатар Ошеролебен мен Гарьберштадтағы фюзеляж бөлшектерін жасайтын заводтар шабуылға ұшырады. Регеннебургтегі самолет құрастыратын завод пен «Мессершмитт-109» самолеттеріне арнап, фюзеляж бөлшектерін өндіретін заводтарға атака жасалды. Бомбардировщиктер құрамалары Американың жойқыншы авиациясының самолеттері ірі құрамаларының, доминиондар авиациясы мен одақтастардың экспедициялық күштерінің жәрдемімен қыймыл жасады. Мұның үстіне орталық және оңтүстік Германиядағы аэродромдар мен соғыс объектілері бомбаланды.

ЛОНДОН, 23 февраль. (ТАСС). Америка самолеттерінің 22 февральда жаудың 133 истребителін жойғандығы Лондонда ресми түрде жарияланды.

## Югославиядағы ұрыстар

ЖЕНЕВА, 25 февраль. (ТАСС). Югославиядан алынған хабар бойынша, майданның барлық учаскелерінде Халық-азаттық армиясының бөлімдері мен оккупанттар арасында жергілікті маңызы бар ұрыстар болып жатқан көрінеді. Бір партизан отрядының жауынгерлері Любляна-Триест шебінде герман поезын жойды. Бұл жолда поездардың жүрісі екі күн тоқталды.

## Совет азаматтарына жәрдемдесу жөніндегі Иран комитетінің істеген ісі

ТЕГЕРАН, 24 февраль. (ТАСС). Неміс басқыншылардан зыян шеккен совет азаматтарына жәрдемдесу жөніндегі Комитет жұмысының аяқталуына байланысты қабылдау кешін өткізді. Қабылдауға Премьер Суюейли басқарған кабинеттің мүшелері, Иранның мемлекет, қоғам және ғалым қайраткерлері, ССРСтың Тегерандағы елшісі Михайлов қатнасты. Комитеттің хурметті председатели шахын жамағатының тапсыруы бойынша комитеттің председатели генерал Ахмеди Михайлов жолдасқа 6 миллион рyalдың чегін тапсырды. Бұл қаржы комитеттің жыйнап, совет елінің Иран провинциясындағы өкілдеріне тапсырған сомасынан тыс.

Генерал Ахмеди мен Михайлов жолдас бір-біріне арнап сөз сөйледі.

Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.